

"2003 жылғы 8 шілдеде жасалған Жапон Халықаралық Ұнтымақтастық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Астана қаласын сумен жабдықтау және кәріз жобасы жөніндегі Қарыз туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 қазандағы N 1073 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"2003 жылғы 8 шілдеде жасалған Жапон Халықаралық Ұнтымақтастық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Астана қаласын сумен жабдықтау және кәріз жобасы жөніндегі қарыз туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "2003 жылғы 8 шілдеде жасалған Жапон Халықаралық Ұнтымақтастық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Астана қаласын сумен жабдықтау және кәріз жобасы жөніндегі Қарыз туралы келісімді бекіту туралы"

2003 жылғы 8 шілдеде жасалған Жапон Халықаралық Ұнтымақтастық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Астана қаласын сумен жабдықтау және кәріз жобасы жөніндегі Қарыз туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қарыз туралы келісім N KAZ-P5

**Жапон халықаралық Ұнтымақтастық Банкі
мен**

**Қазақстан Республикасының Үкіметі
арасындағы**

**Астана қаласын сумен жабдықтау және кәріз жобасы
жөніндегі**

Қарыз туралы Келісім

2003 жылғы 8 шілде

Жапон Халықаралық Ұнтымақтастық банкі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы 2003 жылғы шілдедегі N KAZ-P5 Астананы сумен жабдықтау және кәріздеу жобасы жөніндегі Қарыз туралы келісім

Қазақстан Республикасының экономикалық тұрлаулылығы мен дамуы жөніндегі қадамдарға жәрдемдесу мақсатында Жапония беретін қарызға жатқызылған 2002 жылғы 29 наурыздағы Жапония Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы нота алмасу мазмұны тұрғысынан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің ө т і н і ш і н е о р а й .

Жапон Халықаралық Ұнтымақтастық Банкі (бұдан әрі - "БАНК" деп аталады) мен қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Қарыз алушы" деп аталады) осымен мына Қарыз туралы келісімді жасасады, осы келісімге қосымша барлық келісімдерді қамтиды (бұдан әрі "Қарыз туралы келісім" деп аталады).

I бап

Қарыз

1-бөлім. Қарыздың сомасы мен мақсаттары

БАНК Қарыз туралы келісімде айтылған шарттарды және ережелерде және Жапонияның тиісті заңдары мен ережелеріне сәйкес сипаттауы осы Келісімнің 1-қосымшасында келтірілетін Астана қаласын сумен жабдықтау және кәріздеу жобасын (бұдан әрі - "Жоба" деп аталады) іске асыру үшін негізгі сома түрінде жиырма бір миллиард үш жүз алпыс бір миллион (21,361,000,000) жапон иенінен аспайтын соманы (бұдан әрі - "Қарыз" деп аталады) Қарыз алушыға беруге келісім береді, алайда, егер төлемдердің жалпы сомасының жиынтығы Қарыз туралы келісімге сәйкес жоғарыда көрсетілген шекті сомаға жеткен жағдайда БАНК одан әрі ешқандай төлемдер жүргізбейді.

2-бөлім. Қарыз қаражатын пайдалану

- (1) Қарыз алушы сипаттауы осы Келісімнің 2-қосымшасында келтірілген Қарыз қаражатын бөлуге сәйкес сипатталуы осы Келісімнің 4-қосымшасында келтірілетін қолайлы ел-көздерден (бұдан әрі - "Қолайлы ел (дер) - көз (дер)" берушілерден, мердігерлерден немесе консультанттардан (бұдан әрі бірлесіп "Беруші (-лер)" деп аталатындар) Жобаны орындау үшін қажетті қолайлы тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін Қарыз қаражатын пайдалануды

қ а м т а м а с ы з е т е д і .

(2) Қарыз туралы келісімге сәйкес түпкілікті төлем Қарыз туралы келісім күшіне енген күннен кейінгі тоғыз (9) жылдан кейін сол күннен және айдан кешіктірмей жүргізіледі және одан кейін БАНК, егер БАНК пен Қарыз алушының арасында өзгеше келісімесе, одан әрі ешқандай төлемдерді жүргізбейді.

II-бап

Өтеу және проценттер

1-бөлім. Қарыздың негізгі сомасын өтеу

Қарыз алушы осы Келісімнің 3-қосымшасында келтірілген Борыштың мерзімін ұзартып төлеу кестесіне сәйкес БАНККЕ Қарыздың негізгі сомасын өтейді.

2-бөлім. Прогенттері және оларды өтеу тәсілі

(1) Қарыз алушы БАНККЕ төменде көрсетілген (а), (b) және (с) санаттарына сәйкес негізгі сома бойынша жылына екі бүтін оннан екі процент (2,2%) ставка бойынша жарты жылда бір рет процент төлейді, одан төлемдер (бұдан әрі "Негізгі сома (1) деп аталады) жүргізіледі және ол бойынша төлемге ұсынылмаған сома болады:

(a) (A) санатына жатқызылған Қарыз қаражатынан төленетін негізгі сома (ол осы Келісімнің 2-қосымшасының 1-бөлімінде көзделеді);

(b) Төлемдерге қатысты Қарыз қаражатынан төленетін қызмет көрсеткені үшін алымдар, ол туралы жоғарыда (1) (a) тармақшада айтылады;

(c) (C) санатынан қайта бөлінетін (ол осы Келісімге 2-қосымшаның 1-бөлімінде көзделгендегі сияқты) және жоғарыда келтірілген (1) (a) тармақшаға және/немесе (1) (b) тармақшаға төленетін кез келген негізгі сома.

(2) Қарыз алушы БАНККЕ төменде көрсетілген (а), (b), (с) санаттарына сәйкес негізгі сома бойынша жылына төрттен үш ставкасы (0,75%) бойынша жарты жылда бір рет процент төлейді, одан төлемдер (бұдан әрі "Негізгі сома" (II) деп аталады) жүргізіледі және ол бойынша төлемге ұсынылмаған сома болады:

(a) (B) санатына жатқызылған Қарыз қаражатынан төленетін негізгі сома (ол осы Келісімнің 2-қосымшасының

- I - бөлімінде көзделеді);
- (b) Төлемдерге қатысты Қарыз қаражатынан төленетін қызмет көрсеткені үшін алымдар, ол туралы жоғарыда (2) (a) тармақшада айтылады;
- (c) (C) санатынан қайта бөлінетін (ол осы Келісімнің 2-қосымшасының 1-бөлімінде көзделгендей) және жоғарыда келтірілген (2) (a) тармақшаға және/немесе (2) (b) тармақшаға төленетін кез келген негізгі сома.
- (3) Қарыз алушы БАНККЕ (i) Қарыз қаражатын төлеу аяқталған күнге дейін (бұдан әрі - "Төлемдердің аяқталу күні") әрбір жылдың 20 мамырында алдағы жылдың 20 қазанынан бастап 19 сәуіріне дейін жинақталған проценттерді және әрбір жылдың 20 қарашасында ағымдағы жылдың 20 сәуірінен бастап 19 қазанына дейін жинақталған проценттерді; және (ii) төлемдердің аяқталу күнінен кейін әрбір жылдың 20 сәуірінде алдағы жылдың 20 қазанынан бастап 19 сәуіріне дейін жинақталған проценттерді және әрбір жылдың 20 қазанында ағымдағы жылдың 20 сәуірінен бастап 19 қазанына дейін жинақталған проценттерді төлейді.
- (4) Егер Төлемдердің аяқталу күні 20 мамырдан немесе 20 қарашадан бастап кемінде үш ай бұрын басталған жағдайда, алдындағы бөлімшелерге қарамастан Төлемдердің аяқталу күнінен кейін проценттерді бастапқы төлеу осы күндердің қайсысы ерте басталғанына қарамастан 20 мамырда немесе 20 қарашада жүргізіледі.

III бап

Ерекше жағдайлар

1-бөлім. Жалпы шарттар мен ережелер

Қарыз туралы келісімде әдетте қолданылатын басқа шарттар мен ережелер келесі қосымша ережелерімен 1999 жылғы қазандағы Дамытуға ресми көмек (ДРК) Қарыздары жөніндегі Жалпы шарттар мен ережелерде (бұдан әрі "Жалпы шарттар және ережелер" деп аталады) көрсетіледі:

- (1) "Негізгі сома" термині оны Жалпы шарттар мен ережелерде пайдаланудың барлық жағдайларында "Негізгі сома (I) және Негізгі сома (II)" терминдерімен ауыстырылады;
- (2) Қарыз алушы негізгі соманы өтеуді немесе процентті немесе өзге де соманы төлеуді төлемдерді белгілі бір төлемдерге

жатқызу тәртібін көрсетпей жүргізген жағдайда, БАНК
Негізгі сома (I) және Негізгі сома (II) бойынша негізгі
сома, проценттер немесе өзге де төлемдер арасында
төлемдерді осындай жатқызу тәртібі туралы шешім қабылдай
а л а д ы ;

- (3) Жалпы шарттар мен ережелердің 3.07-бөліміне қатысты Қарыз
алушы Қарыз бойынша негізгі соманың, проценттердің және
басқа да төлемдердің барлық төлемдерін
Tokyo-Mitsubishi Ltd., "Токио-Мицубиси Лтд."

T o k y o

T o k i o

J a p a n

Ж а п о н и я

Account No.3577055

N 3577055 шот

банкінде БАНКТИҢ кредит шотына жатқызады

- (4) 9.03 Жалпы шарттар мен ережелер бөлімі мынамен
а у ы с т ы р ы л с ы н :

Қарыз туралы келісімдегі тараптарға барлық хабарламалар,
сұратулар және басқа да хабарлауларды Қарыз туралы
келісімде көрсетілген мекен-жайлар немесе Қарыз туралы
келісімдегі қандай да болмасын тарап Келісімдегі екінші
тараптардың әрқайсысы жазбаша хабарламасында көрсете
алатын осындай басқа мекен-жайлар бойынша тапсырыстық
авиапочта бойынша немесе халықаралық деңгейде танылған
курьер арқылы немесе телекс немесе факсимальдік байланыс
бойынша (растауды алу телекс немесе факсимальдік байланыс
бойынша тиісті хабарламаны нақты алу үшін қажетті болып
табылмаса да тапсырыс авиапочтамен немесе халықаралық
деңгейде танылған курьер арқылы дереу растай отырып)
беріледі немесе ұсынылады.

- (5) Жалпы ережелер мен шарттардың 10.02 (1) Бөлімінде
көрсетілген 5-нысан осы Келісімге қоса берілетін N 3
нысанмен ауыстырылатын болады.

2-бөлім. Сатып алу рәсімі

Жалпы шарттар мен ережелердің 4.01-бөлімінде айтылатын сатып алу және кеңес
берушілерді жалдау үшін ереже 4-қосымша түрінде осы Келісімге қоса берілген Сатып
алу рәсімдерінде келісілгендер болып табылады.

3-бөлім Төлем рәсімдері

Жалпы шарттар мен ережелердің 5.01-бөлімінде сөз болған төлем рәсімдері
м ы н а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы :

- (1) Осы Келісімге 5-қосымша түрінде ұсынылатын

міндеттемелермен байланысты рәсім Қазақстан Республикасының валютасынан ерекшеленетін валютада көрсетілген валютада келісім-шарт бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасынан өзгеше қолайлы ел(дер)ден - көз (дер) ден Берушіге (лерге) төлемдер жасаған жағдайда қ о л д а н ы л а д ы .

(2) Осы Келісімге 6-қосымша түрінде ұсынылатын өтеу рәсімі Қазақстан Республикасының Берушісіне (-леріне) және Қазақстан Республикасынан өзгеше қолайлы елдің (-дердің) - көздің (-дердің) Берушісіне (-леріне) жүргізілетін келісім-шарт бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасының валютасында көрсетілген төлемдер бойынша өтеген жағдайда қолданылады.

4-бөлім. Қарызды басқару

(1) Қарыз алушы Астана қаласының Үкіметіне (Әкімдік) (бұдан әрі - "Атқарушы-ұйым" деп аталады) Қарыз туралы келісімге сәйкес жобаны іске асыруға уәкілеттік береді.

(2) Қарыз алушы Жобаны орындау үшін Атқарушы-ұйымдардың консультанттарды жалдауын қамтамасыз етеді.

(3) Егер Қарыздан берілетін қаражат Жобаны орындау үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушы тез арада қажетті қаражатты беру жөніндегі шараларды қабылдайды.

(4) Жобаны орындау үшін Қарыз алушы Атқарушы-ұйымға Қарыз қаражатын қарызға бере алады (бұдан әрі - "Қосалқы қарыз" деп аталады). Қосалқы қарыздың шарттары мен ережелері Қарыз туралы келісімнің шарттары мен ережелеріне қарағанда онша қолайсыз болып табылмайды.

(5) Қарыз алушы Атқарушы-ұйымның БАНК негіздеп сұрата алатын осындай нысанда және осындай егжей-тегжейлі тәптіштеп Жоба аяқталғанға дейін Жобаның орындалу барысы туралы тоқсан сайынғы есептерді (әрбір жылдың қаңтар, сәуір, шілде және қазанында) БАНККЕ беруді қамтамасыз етеді.

(6) Қарыз алушы Жоба аяқталғаннан кейінгі, бірақ кез келген жағдайда алты (6) ай ішінде кідіріссіз Атқарушы-ұйымның БАНК негіздеп сұратуы мүмкін осындай нысанда және осындай егжей-тегжейлі тәптіштелген есепті БАНККЕ ұсынуды қамтамасыз етеді.

5-бөлім. Хабарламалар мен сұратулар

Жалпы шарттар мен ережелердің 9.03-бөлімінің мақсаттары үшін мынадай мекен-жайлар көрсетіледі:

БАНКТИҢ мекен-жайы:

JAPAN BANK FOR INTERNATIONAL
COOPERATION

4-16 Ohtemachi 1-chome

Chiyoda-ku

Tokyo 100-8144

J a p a n

Attention

Director General

Development Assistance

Department IV

Назарына

Telex:

Телекс:

(1) Call No. : J23360

(1) Шақырылатын нөмір: J28360

Answer Back : JBIC J28360

Автожауапбергіш: JBIC J28360

Code

Коды

(2) Call No. : J28430

(2) Шақырылатын нөмір: J28430

Answer Back : JBIC J28430

Автожауапбергіш: JBIC J28430

Code

Коды

FAX: +81-3-5218-3973

Факсимальдік байланыс нөмірі:

+81-3-5218-3973

Қ а р ы з

а л у ш ы н ы ң

м е к е н - ж а й ы :

Почталық мекен-жайы:

MINISTRY OF FINANCE OF THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

33 Pobeda Ave.

Astana, 473000

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

Астана 473000

Жеңіс даңғылы, 33

The Republic of Kazakhstan

Қазақстан Республикасы

Attention:

Министрдің

Minister

назарына:

Fax:

Факсимальдық байланыс нөмірі:

+7-3172-117762

+7-3172-117762

А т қ а р у ш ы - ұ й ы м н ы ң

м е к е н - ж а й ы :

Почталық мекен-жайы:

ASTANA CITY
GOVERNMENT (AKIMAT)

Астана қаласының Үкіметі
(Әкімдік)

Omarova str., 60
Astana 473000

Қазақстан Республикасы
Астана 473000

The Republic of Kazakhstan
Attention: Mayor (Akim)

Омаров көшесі, 60
Мэрдің (Әкімнің) назарына

Fax:
+7-3172-321223

Факсимальдық байланыс нөмірі:
+7-3172-321223

Жоғарыда көрсетілген мекен-жайлар және/немесе атаулар өзгерген жағдайда, осындай өзгерістер орын алған тарап келесі тарапқа жаңа мекен-жайлары мен атаулары туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Осыны куәландыру үшін БАНК және Қарыз алушы тиісті түрде өздерінің уәкілетті өкілдері арқылы өз аттарынан осы Келісімнің тиісінше жасалуын және басында жоғарыда көрсетілген күні және жылы Токио, Жапонияға оны ресми беруді қамтамасыз етті.

Жапон Халықаралық
Ынтымақтастық Банкі

Үкіметі

ү ш і н

Кюсуке Шинозава
Басқарушы

Өкілетті Елшісі

Қазақстан Республикасының

ү ш і н

Тілеухан Қабдырахманов
Қазақстан Республикасының
Жапониядағы Төтенше және

1-қосымша

Жобаны сипаттау

1-бөлім. Жобаны сипаттау

(1) М а қ с а т ы

- (i) Қазіргі бар ескірген жүйелерді қалпына келтіру және ауыстыру және оларды кеңейту жолымен Астана қаласының тұрғындарын сумен жабдықтау және кәріздеу жөніндегі қызметтерге тұрақты қол жетуін қамтамасыз ету
- (ii) судың ағып кетуін азайту және экономикалық тиімді жоспарлауды ынталандыру және сумен жабдықтау және кәріздеу саясатын экономикалық тиімді жоспарлауды, басқаруды және дамытуды ынталандыру жолымен шектелген суларды тиімді пайдалануға ықпал ету;

(2) О р н а л а с қ а н ж е р і
А с т а н а қ а л а с ы н ы ң а й м а ғ ы

(3) О р ы н д а у ш ы - ұ й ы м

Астана қаласының Үкіметі (Әкімдік)

Мынадай екі мекеме Астана қаласының Үкіметімен (Әкімдігімен) ынтымақтастық жобасын іске асыруға тартылатын болатын.

(i) Астананы Дамыту Корпорациясы (АДК) - акцияларының 100%-і Қазақстан Үкіметіне тиесілі Астана қаласын кеңейту үшін сыртқы қаражатты тарту үшін 1999 жылы құрылған жабық акционерлік қоғам; және

(ii) Астана Су Арнасы, (АСА) сумен жабдықтау және кәріздеу жөніндегі күнделікті жұмысқа жауап беретін Астана қаласы Үкіметіне бағынатын құрылымдардың біреуі

(4) Ж ұ м ы с т а р д ы ң к ө л е м і

(a) Тұтыну санауыштарын қоса алғанда сумен жабдықтау жүйесі жөніндегі құрылыс жұмыстары

(b) Ағынды сулар жүйесі жөніндегі құрылыс жұмыстары

(c) Консультациялық қызметтер

Қарыз қаражаты (a), (b) және (c) тармақтары бойынша беріледі.

Жоғарыда көрсетілген және кез келген басқа тармақтар бойынша кез келген қалдықты Қарыз алушы қаржыландырады.

2-бөлім. Бағалауға сәйкес қаржыландыруға жылдық қажеттілік төменде көрсетіледі:

Қаржы жылы (қаңтар-желтоқсан)	Қарыз бойынша (миллион жапон иенімен)	Жоба бойынша (миллион жапон йенімен)
2 0 0 3	3 5	4 6
2 0 0 4	2 , 0 5 2	2 , 7 3 6
2 0 0 5	6 , 8 6 7	9 , 1 5 5
2 0 0 6	6 , 0 5 1	8 , 0 6 8
2 0 0 7	5 , 7 5 5	7 , 6 7 3
2 0 0 8	6 0 1	8 0 3

Барлығы	21,361	28,481
---------	--------	--------

Қарыз қаражатын төлеуді БАНК үшін Жапон Үкіметінің жыл сайынғы бюджеттік қаржы бөлулерінің шегінде жүргізіледі.

3-бөлім. Жобаны ақауларды жою жөніндегі жауапкершіліктің кейінгі кезеңімен 2008 жылдың ақпанына аяқтау ұйғарылады.

2-қосымша

Қарыз қаражатын бөлу

1-бөлім. Бөлу

Санаты	Қарыз қаражатының	Қаржыландырылатын шығыстар %-пен сомасын бөлу (миллион жапон иенімен)
бөлігі	Мынадай шетел	баптар бойынша валютасындағы
(А) Құрылыс жұмыстары	17,004	89
(В) Қызметтер	Консультациялық 1,698	100
(С) Күтпеген шығыстар	2,659	-

Жиыны: 21,361

Ескерту: Қаржыландыруға қолайсыз баптар төменде көрсетіледі:

- (а) Жалпы әкімшілік шығыстар
- (b) Салықтар мен баждар
- (с) Жерді және өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу
- (d) Өтемақы
- (е) Жанама шығыстардың өзге баптары

Әрбір санат бойынша төлемдерге қатысты төленетін сома егер БАНК пен Қаржы алушы арасында өзгеше келісімесе, осы бөлімде көрсетілетін тиісті санаттың процентіне көбейтілген қолайлы шығыстардың сомасынан есептеледі.

2-бөлім. Шығыстар сметасында өзгерістер кезінде қаражатты қайта бөлу

- (1) Егер (А) және/немесе (В) санаттарының кез келген біреуіне енгізілген баптар бойынша шығыстар сметасында азайту болса, бұл жағдайда осындай санатқа арналған, бірақ ол үшін оған қажеттілік жоқ соманы БАНК қайта бөледі және (С) санатына жатқызылатын болады.
- (2) Егер (А) және/немесе (В) санаттарының қандай да біреуіне енгізілген баптар бойынша шығыстар сметасында көбейту болса, Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын осындай

көбейтудің бөлігіне тең соманы БАНК Қарыз алушының сұрауы бойынша алайда басқа Санаттардағы баптар бойынша шығыстарға қатысты БАНК анықтайтын күтпеген шығыстарға жатқызылған талаптарды ескере отырып, (С) Санатынан осындай Санатқа жатқызатын болады.

3-қосымша

Борышты мерзімін ұзартып өтеу кестесі

1. Негізгі соманы өтеу (I)

	С о м а с ы (жапон иенімен)
Шартталған мерзімі	
2012 жылғы 20 желтоқсан	479,600,000
2013 жылғы 20 маусымнан бастап 2032 жылғы 20 желтоқсанды қоса алғанда әрбір жылдың 20 маусымы мен 20 желтоқсаны	479,585,000

2. Негізгі Соманы өтеу (II)

Шартталған мерзімі	Сомасы (жапон иенімен)
2012 жылғы 20 қазан	27,840,000
2013 жылғы 20 сәуірден бастап 2042 жылғы 20 қазанды қоса алғанда әрбір жылдың 20 сәуірі мен 20 қазаны	27,836,000

4-қосымша

Сатып алу рәсімі

1-бөлім. Қарыз бойынша сатып алу кезінде қолданылатын ережелер

- (1) Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын консультациялық қызметтерді қоспағанда, барлық тауарлар мен қызметтерді сатып алу Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің ODA Қарыздары бойынша (Дамуға ресми көмек (ДРК) сатып алу ережесіне (1999 жылғы қазан) (бұдан әрі - "Сатып алу ережесі") сәйкес жүргізіледі.
- (2) Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын консультанттарды жалдау Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің ДРК

Қарыздар бойынша консультанттарды жалдау ережесіне (1999 жылғы қазан) (бұдан әрі - "Консультанттарды жалдау ережесі") сәйкес жүргізіледі.

2-бөлім. Қолайлы елдер-көздер

- (1) Әлемнің барлық елдері мен аймақтары Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын консультациялық қызметтерді қоспағанда, барлық тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін қолайлы ел (дер)-көз (дер) болып табылады.
- (2) Қазақстан Республикасы мен Жапония Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын консультациялық қызметтерге өтініш білдіру үшін қолайлы ел (дер)-көз (дер) болып табылады.
- (3) Консалтингтік фирмаларды жалдау жүргізілгенде, мұндай фирмалар мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:
 - (a) жазылу бойынша шығарылған акциялардың көбі Қолайлы елдер-көздердің азаматтарына тиесілі;
 - (b) толық жұмыс аптасында қолы бос емес директорлардың көбі Қолайлы-елдер-көздердің азаматтары болып табылады;
 - (c) мұндай фирмалардың заңды тұлға мәртебесі бар және Қолайлы елдер-көздерде тіркелген.
- (4) Жоғарыда (3) тармақта айтылған талаптарға сәйкес келмейтін консалтингтік фирмалар ішінара көрсететін консультациялық қызметтер егер мұндай фирмалардағы адам-айлардың жалпы саны консультациялық қызметтер үшін талап етілетін адам-айлардың кемінде елу процентін (50%-ін) құраса қаржыландыру үшін қолайлы болуы мүмкін. Алайда мұндай консалтингтік фирмаларды Қарыз алушы жалға алмайды, жоғарыда (3) тармақта айтылатын барлық үш шартқа жауап беретін консалтингтік фирмалармен қосалқы шарт жасасуы мүмкін емес.

3-бөлім. БАНКТІҢ консультациялық қызметтерді қоспағанда, тауарлар мен қызметтерді сатып алуы туралы шешімдерді қарауы

- (1) Осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілгендей (А) санатына жатқызылған Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын келісім-шарттар жағдайында Жалпы шарттар мен ережелердің 4.02-бөліміне сәйкес мынадай рәсімдер БАНКТІҢ қарауына және мақұлдауына жатады.
 - (a) Құны бағалауға сәйкес кемінде Бес жүз миллион жапон иенін (500,000,000) құрайтын кез келген келісім-шартқа қатысты:

- (i) Егер Қарыз алушы Халықаралық бәсекелестік саудадан ерекшеленетін сатып алу рәсімдерін қабылдауға ниет білдірсе, Қарыз алушы БАНККЕ сатып алу тәсіл (-дер)ін қарау туралы сұрау салу береді. БАНК Қарыз алушыға Сатып алу тәсіл (дер)іне қатысты хабарламада өзінің келісімі туралы хабарлайды.
- (ii) Алдын ала баға алған фирмалардың қатарынан іріктеу жүргізілгеннен кейін БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына мұндай фирмалардың тізімін және жасалған таңдаудың негіздемесімен және Алдын ала бағалаудың нәтижелерін қарау туралы сұрау салумен бірге барлық қажетті құжаттарды қоса бере отырып, іріктеу процесі туралы есепті береді. Қарыз алушы БАНККЕ оның назарына БАНК негізді түрде сұрататын алдын ала балалауға қатысты осындай басқа құжаттарды береді. Егер БАНКТИҢ жоғарыда аталған құжаттарға келіспеушіліктері болмаған жағдайда БАНК тиісінше Қарыз алушыны Алдын ала бағалау нәтижелеріне қатысты Хабарлама жолымен Қарыз алушыны а қ п а р а т т а н д ы р а д ы .
- (iii) Қарыз алушы алдын ала бағалаудың құжаттары үшін Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің ODA Қарыздары (Дамуға ресми көмек) бойынша Алдын ала бағалау жөніндегі құжаттардың үлгілерін қолданады. Қажет болған жағдайда алдын ала бағалаудың нысаны Қарыз алушы БАНКТИҢ алдын ала келісімі үшін Алдын ала бағалаудың нысанынан ерекшеленетін түсіндіруді береді деген шартпен келісім-шарт жасасу туралы ұсыныс сипатына бейімделуі м ү м к і н .
- (iv) "екі конверт" жүйесі бойынша сауда рәсімін қабылдаған жағдайда Қарыз алушы бағаларды ұсынуды жариялағанға дейін БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына техникалық ұсыныстарды талдауды қарау туралы сұрау салумен бірге техникалық ұсыныстарды талдауды береді.
- (v) Тендерді жеңіп алған қатысушыға мердігерлік беру туралы хабарлама жіберу алдында Қарыз алушы БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына саудадағы өтінімдерді талдауды және Саудадағы өтінімдерді талдауды қарау туралы сұрау салумен бірге мердігерлік беру туралы ұсынысты және Мердігерлікті беру туралы ұсыныстарды

(жоғарыда (iv) тармақшада айтылатын іс-әрекеттерді орындау кезінде "Саудадағы өтінімдерді талдау" деген сөз тіркесі бұдан әрі "Бағалардың ұсыныстарын талдау" дегенді білдіреді) береді. Қарыз алушы Банкке оның назарына тапсырысты беруге қатысты, мысалы, БАНК негізді сұрататын тендер құжаттары сияқты басқа құжаттарды береді. Егер БАНКТИҢ жоғарыда аталған құжаттарға келіспеушілігі болмаған жағдайда БАНК тиісінше Саудадағы өтінімдерді талдауға және Мердігерлікті беру туралы ұсынысқа жатқызылатын Хабарлама арқылы қарыз алушыны ақпараттандырады.

- (vi) Сатып алу ережесінің 5.10-бөлімінде айтылған жағдайда және Қарыз алушы саудадағы барлық өтінімдерді кейінге қалдырғысы немесе ең төмен баға алған сауданың қатысушысымен келіссөз жүргізгісі келсе (немесе, келесі ең төменгі баға алған қатысушымен келіссөздердің қолайлы нәтижесі болмаған кезде) қолайлы келісім-шарт жасасу мақсатында Қарыз алушы өзінің себептері туралы БАНКТИ хабардар етеді және алдын ала қарау мен мақұлдауды сұрайды. Егер БАНКТИҢ келіспеушіліктері болмаса, ол Қарыз алушыны өзінің келісімі туралы хабардар етеді. Сауданы қайта өткізген жағдайда кейінгі барлық рәсімдер мәні жағынан (i) бастап (v) дейін қоса алғандағы тармақтарға сәйкес к е л е д і .

- (vii) Келісім-шарт жасалғаннан кейін Қарыз алушы тез арада БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына тиісінше Келісім-шартты қарау туралы сұрау салумен бірге келісім-шарттың расталған көшірмесін (осы келісімге қоса берілетін N 1 Нысанға сәйкес) береді. Егер БАНК келісім-шарт Қарыз туралы келісімге қарама-қайшы кемеяді деп анықтаған жағдайда, БАНК тиісінше Келісім-шартқа жатқызылған Хабарлама арқылы Қарыз алушыны ақпараттандырады.

- (viii) Банк қараған келісім-шартты кез келген өзгерту немесе жою үшін оған БАНКТИҢ жазбаша келісімі талап етіледі, алайда елеулі болып табылмайтын және келісім-шарттың бағасына әсер етпейтін келісім-шарттың өзгерістері үшін БАНКТИҢ мұндай келісімі талап етілмейді.

- (b) Құны бағалауға сәйкес кемінде БІР МИЛЛИАРД (1,000,000,000) жапон иенін құрайтын кез келген келісім-шартқа қатысты:

Жоғарыда (a) (i) бастап (vii i) қоса алғандағы тармақшаларда айтылған барлық рәсімдерге қосымша ретінде мынадай іс-әрекеттер орындалады. Алдын ала бағалау туралы жариялау және/немесе хабардар ету алдында Қарыз алушы БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына алдын ала бағалаудың өлшемдерін мұндай өлшемдері қарау туралы сұрау салумен бірге береді. БАНК Қарыз алушыдан БАНКТІҢ назары үшін алдын ала бағалауға байланысты құжаттарды беруді талап ету құқығын өзіне қалдырады. Егер БАНКТІҢ жоғарыда аталған өлшемдерде келіспеушіліктері болмаса, БАНК тиісінше Қарыз алушыны Алдын ала бағалаудың өлшемдеріне жатқызылатын Хабарлама жолымен ақпараттандырады. Заемшының кейіннен жоғарыда аталған өлшемдерді өзгертуі үшін БАНКТІҢ алдын ала жазбаша келісімі талап етіледі. Егер БАНК қажет деп санаса, Банктің алдын ала бағалау құжаттарын қарауы және мақұлдауы талап етіледі.

- (c) Құны бағалауға қатысты кемінде ҮШ МИЛЛИАРД (3,000,000,000) жапон иенін құрайтын кез келген келісім-шартқа қатысты:

Жоғарыда (a) (i) бастап (vii i) және (b) қоса алғандағы тармақшаларда айтылған барлық рәсімдерге қосымша ретінде мынадай іс-әрекеттер орындалады. Саудаға қатысу үшін шақыру алдында Қарыз алушы БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына саудаға арналған өтінімдер бағасының өлшемдерін мұндай өлшемдерді қарау туралы сұрау салумен бірге береді. БАНК Қарыз алушыдан БАНКТІҢ назарына тендерге байланысты құжаттарды беруді талап ету құқығын өзіне қалдырады. Егер БАНКТІҢ жоғарыда аталған өлшемдерге келіспеушіліктері болмаған жағдайда БАНК тиісінше Саудадағы өтінімдерді бағалау өлшемдеріне жататын Хабарлама арқылы Қарыз алушыны ақпараттандырады. Қарыз алушының кейіннен жоғарыда аталған өлшемдерді кез келген өзгертуі үшін БАНКТІҢ оған алдын ала жазбаша келісімі талап етіледі. Банк қажет деп есептеген жағдайда БАНКТІҢ тендер құжаттарын

қарауы және мақұлдауы талап етіледі.
(d) Құны бағалауға сәйкес кемінде БЕС ЖҮЗ МИЛЛИОН
(500,000,000) жапон иенін құрайтын кез келген
келісім-шартқа қатысты:

(i) Қарыз алушы келісім-шартты жасасқаннан кейін
тез арада оның қарауына және мақұлдауына тиісінше
Келісім-шартты қарау туралы сұрау салумен бірге
келісім-шарттың расталған көшірмесін (осы Келісімге
қоса берілетін N 1 нысанға сәйкес) береді. Егер БАНК
келісім-шарт Қарыз туралы Келісімге қайшы келмейді деп
анықтаса, ол тиісінше Келісім-шартқа жатқызылатын
Хабарлама жолымен Қарыз алушыны ақпараттандырады. Қарыз
алушы БАНККЕ оның назарына БАНК негізді сұрататын
келісім-шартқа жатқызылатын басқа осындай құжаттарды
б е р е д і .

(ii) Банк қараған келісім-шартты кез келген өзгерту
немесе жою үшін оған БАНКТИҢ жазбаша келісімі талап
етіледі, алайда елеулі болып табылмайтын және
келісім-шарттың бағасына әсер етпейтін келісім-шарттың
өзгерістері үшін БАНКТИҢ мұндай келісімі талап
етілмейді.

4-бөлім. БАНКТИҢ консультанттарды жалдауға қатысты шешімдерді қарауы

- (1) Жалпы шарттар мен ережелердің 4.02-бөліміне қатысты
мынадай рәсімдер БАНКТИҢ қарауына және мақұлдауына жатады.
- (a) Консультанттардың ұсыныстарды беруіне шақыру алдында Қарыз
алушы БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына Құзыретінің
шегі туралы мәліметтерді, Консультанттардың қысқаша
тізімін және мұндай құжаттарды қарау туралы сұрау салумен
бірге Шақыру-хатын береді. Егер БАНКТИҢ жоғарыда аталған
құжаттарға қарсы келіспеушіліктері болмаса, ол тиісінше
Құзыретінің шегі, Консультанттардың қысқаша тізімі және
Шақыру-хаты туралы хабарлама жолымен Қарыз алушыны
ақпараттандырады. Қарыз алушының жоғарыда құжаттарды
кейіннен кез келген өзгертуі үшін БАНКТИҢ алдын ала
келісімі талап етіледі.
- (b) Келісім-шарт жасасу туралы келіссөздерді бастау үшін
жоғары баға алған консультантты шақыру алдында Қарыз
алушы БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына

консультанттардың ұсыныстарын бағалау туралы есепті қарау туралы сұрау салумен бірге олар алған ұсыныстарды бағалау нәтижелерін береді. Егер БАНКТИҢ жоғарыда аталған құжаттарға қарсы келіспеушіліктері болмаса, ол тиісінше

Консультанттардың ұсыныстарын бағалау туралы есепке қатысты Хабарлама жолымен Қарыз алушыны ақпараттандырады.

- (с) Консультанттарды жалдау ережесінің 3.01 (2) бөлімінде көзделетіндей, егер Қарыз алушы консультант ретінде нақты тұлғаны жалдағысы келсе, ол жазбаша түрде өзінің себептері туралы БАНККЕ оларды Шақыру-хатпен және Құзыретінің шегі туралы мәліметтермен бірге қарау және мақұлдау үшін жазбаша түрде хабарлайды. БАНК-тің келісімін алғаннан кейін Қарыз алушы Шақыру хатын және сөз қозғалып отырған консультанттың техникалық тапсырмасы туралы мәліметтер жібере алады.

Егер Қарыз алушы консультанттың ұсынысын қолайлы болады деп санаса, ол келісім-шарттың ережелері (қаржы шарттарын қоса алғанда) туралы келіссөздер жүргізе алады.

- (d) Келісім-шарт жасағаннан кейін Қарыз алушы дереу БАНККЕ Келісім-шартты қарау туралы сұрау салумен бірге келісім-шарттың (осы Келісімге қоса берілген N 2 нысанға сәйкес) расталған көшірмесін тиісті түрде қарауға және мақұлдауға береді. Егер БАНК келісім-шартты Қарыз туралы келісімге қайшы келмейді деп анықтаса, ол тиісінше Қарыз алушыны Келісім-шарт туралы хабарлама жолымен а қ п а р а т т а н д ы р а д ы .

- (e) БАНК қараған келісім-шарттың кез-келген өзгерістері немесе күшін жойғаны үшін сол БАНК-тің алдын-ала жазбаша келісімі талап етіледі, алайда келісім-шарттың өзгерістері үшін мәнді болып табылмайтын және келісім-шарттың бағасына әсер етпейтін шарттар кезінде, БАНК-тің мұндай келісімі талап е т і л м е й д і .

- (2) Әрбір келісім-шартқа консалтинг фирмалардың қолайлылығына қатысты консалтинг фирмалары қол қойған және күні көрсетілген мынадай өтініш қоса беріледі:

"Мен, төменде қол қойған, (консалтинг фирмасының атауы) заңды тұлға мәртебесі бар және (Қолайлы ел (-дер)-көзінің (-дерінің) атауы) тіркелгенін және қолайлы консалтинг фирмасы болып табылатынын, акцияларға жіберілген

жазылыстың ____ проценті (___%) (Қолайлы ел (-дер)-көзінің (-дерінің) атауы (-лары) азаматтарына және _____ проценті (___%) бүкіл жұмыс аптасында іспен шұғылданатын директорларға тиісті екеніне қарамастан (Қолайлы ел (-дер) -көзінің (-дерінің) атауы (-лары) азаматтары болып табылатынын растаймын."

"Мен, төменде қол қойған, осы Қарыз туралы келісімнің 4-қосымшасының (4) 2-бөлімінде айтылған талаптар қанағаттандырмайтын консалтинг фирмаларына келетін адам-айдың жалпы саны консультациялық қызмет көрсетулер талап ететін адам-ай санының _____ процентін (___%) құрайтынын растаймын.

5-бөлім. Тілі

БАНК-тің мекен-жайына жіберілген барлық хат-хабарларды Қарыз алушы ағылшын тілінде жасайды. Саудаға қатысты құжаттарды қоса алғанда, барлық құжаттар ағылшын тілінде жасалады.

N 1 н ы с а н

К ү н і :

Сілтеме үшін нөмірі:

Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі
Токио, Жапония

Дамуға көмек жөніндегі IV-бөлімнің
Бас Директорының назарына
Құрметті мырзалар:

Келісім-шартты қарау туралы сұрау салу

2003 жылғы 8 шілдедегі N KAZ-P5 қарыз туралы келісімнің тиісті ережелеріне сәйкес осымен біз осыған қоса берілетін Келісім-шарттың расталған көшірмесін Сіздің қарауыңызға ұсынамыз. Келісім-шарт туралы егжей-тегжейлі деректер төменде келтіріледі:

1. Келісім-шарттың нөмірі мен күні : _____
2. Берушінің атауы (тегі) және азаматтығы : _____
3. Сатып алушының атауы (тегі) : _____
4. Келісім-шарттың бағасы : _____

5. үшін пайдаланылатын
қаржыландыру сомасы (қолайлы

шығыстардың __ % құрайтын) : _____

Егер Сіздер Келісім-шартқа қатысты Хабарламаларыңызды жіберіп, Келісім-шартқа қатысты өздеріңіздің келісімдеріңіз туралы хабарласаңыздар, алғысымызды білдіреміз.

Қ ұ р м е т п е н ,

(Қарыз алушының атауы)

(құжатқа қол қоюға
уәкілеттік берілген ресми
тұлғаның қолы)

N 2 н ы с а н

К ү н і :

Сілтеме үшін көмірі:

Жапон Халықаралық Ұнтымақтастық Банкі

Токио, Жапония

Дамуға көмек жөніндегі IV-бөлімнің

Бас Директорының назарына

Құрметті мырзалар:

Келісім-шартты қарау туралы сұрау салу (консультациялық қызметтерге)

2003 жылғы 8 шілдедегі N KAZ-P5 қарыз туралы келісімнің тиісті ережелеріне сәйкес осымен біз осыған қоса берілетін Келісім-шарттың расталған көшірмесін Сіздің қарауыңызға ұсынамыз. Келісім-шарт туралы егжей-тегжейлі деректер төменде келтіріледі:

1. Келісім-шарттың нөмірі мен күні : _____

2. Консультанттың атауы (тегі)
және азаматтығы : _____

3. (1) Қолайлы елдер-көздердің
азаматтарына тиісті акцияларға
жазылу жөнінде жіберілген
процент : _____

(2) Қолайлы елдер-көздердің
азаматтары болып табылатын
барлық жұмыс аптасында іспен

шұғылданған директорлардың
проценті : _____
4. Сатып алушының атауы (тегі) : _____
5. Келісім-шарттың бағасы : _____
6. үшін пайдаланылатын
қаржыландыру сомасы (қолайлы
шығыстардың __% құрайтын) : _____

Егер Сіздер Келісім-шартқа қатысты Хабарламаларыңызды жіберіп, Келісім-шартқа қатысты өздеріңіздің келісімдеріңіз туралы хабарласаңыздар, алғысымызды білдіреміз
Қ ұ р м е т п е н ,

(Қарыз алушының атауы)

(құжатқа қол қоюға
уәкілеттік берілген ресми
тұлғаның қолы)

5-қосымша

Міндеттемелерге байланысты рәсім

ODA қарызы (1999 жылғы қазан) жөніндегі міндеттемелермен байланысты рәсім (бұдан әрі - "Міндеттемелермен байланысты рәсім" деп аталатын) тиісті өзгерістерімен Қазақстан Республикасының валютасынан ерекшеленетін валютада көрсетілген келісім-шарттың бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасынан ерекшеленетін Қолайлы ел (-дер)-көзден (-дерден) Берушіден (-лерден) тауарлар мен қызметтер сатып алуға Қарыз қаражатын төлеу жағдайында мынадай қосымша ескертпелермен қолданылады:

- 1(3)-бөліміне қатысты Міндеттемелерге байланысты рәсімдер "Токио-Мицубиси Лтд." Токио Жапон Банкі және Эмиссиялық Банк болып табылады.
- (a) Қарыз алушы хатқа байланысты қызмет көрсеткені үшін ақы төлеу ретінде Кепілдік хаттың сомасының нөл бүтін оннан бір процентіне (0,1%) тең жапон иенінің сомасын тиісті Кепілдік хат берілген күні БАНККЕ төлейді. БАНК қызмет көрсеткені үшін ақыны Қарыз алушыдан алғанда Жапон Банкіне Кепілдік хатын береді.
(b) Қызмет көрсеткені үшін ақы төлеудің мұндай сомасына тең сома Қарыз қаражатынан қаржыландырылады және БАНК мұндай соманы өзіне Кепілдік хаты берілген күні қызмет

көрсеткені үшін ақы түрінде дереу төлейді. Қарыз қаражатынан мұндай ақы төлеу Қарыз туралы келісімнің шарттары мен ережелеріне сәйкес Қарыз алушының қолданыстағы және байланыстыратын міндеттемесі болып табылады.

6-қосымша

Ақы төлеу рәсімі

ODA қарыздарын (1999 жылғы қазан) төлеу рәсімі (бұдан әрі - "Төлеу рәсімі" деп аталатын) тиісті өзгерістерімен Қазақстан Республикасының валютасынан ерекшеленетін валютада көрсетілген келісім-шарттың бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасынан ерекшеленетін Қолайлы ел (-дер)-көзден (-дерден) Берушіден (-лерден) тауарлар мен қызметтер сатып алуға Қарыз қаражатын төлеу жағдайында мынадай қосымша ескертпелермен қолданылады:

1. "Токио-Мицубиси Лтд." Токио Ақы төлеу рәсімін қоса алғанда, осы Қосымшада әрбір еске алу кезінде әр кезде Токиода валюта айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асырушы уәкілетті банк болып табылады.
2. Төлеу рәсімінде еске алынатын Қарыз алушының аумағында валюта айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асыруды уәкілетті банк Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген банк болып табылады.
3. Әр төлемді растаушы және Төлеу рәсімінің (b)2-тармағында оны пайдалану туралы айтылатын құжаттар, мыналар болып табылады:
 - (a) берушілерге төлем бойынша
 - (i) берілген немесе берілетін тауарды, оның саны және бағасын көрсете отырып берушінің шот-фактурасы;
 - (ii) шот-фактурада көрсетілетін тауарлардың берілгенін растайтын құжат; және
 - (iii) беруші жүргізетін төлем күнін және сомасын растайтын құжат.
 - (b) мердігерлерге немесе консультанттарға ақы төлеу бойынша
 - (i) мердігердің немесе консультанттың орындаған жұмысы көрсетілген мердігердің немесе консультанттың шот-фактурасы;
 - (ii) Атқарушы-ұйымның қолы қойылған мердігердің немесе

консультанттың орындаған жұмыс туралы анықтама; және
(iii) мердігерге немесе консультантқа жүргізген төлем күнін
және сомасын растайтын құжат.

4. (a) Қарыз алушы төлемге байланысты қызмет көрсеткені үшін
ақы төлеу ретінде Қарыз алушыға төлем сомасының нөл
бүтін оннан бір процентке (0,1%) тең соманы жапон
иенімен осындай төлем күні БАНККЕ төлейді. Осы рәсімге
сәйкес БАНК төлемі қызмет көрсеткені үшін ақыны Қарыз
алушыдан алғанда жүргізіледі.

(b) Қызмет көрсеткені үшін ақы төлеудің мұндай сомасына
тең сома Қарыз қаражатынан қаржыландырылады және БАНК
мұндай соманы өзіне Қарыз алушыға төлем күні қызмет
көрсеткені үшін ақы түрінде дереу төлейді. Қарыз
қаражаттарынан мұндай төлем Қарыз туралы келісімнің
шарттары мен ережелеріне сәйкес Қарыз алушының
қолданыстағы және байланыстыратын міндеттемесі болып
табылады.

5. Ақы төлеуге Сұрау салу сомасы жапон иенімен көрсетіледі.

N 3 н ы с а н

К ү н і :

Сілтеме үшін нөмірі:

Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі

Токио, Жапония

Басқарушының назарына

Құрметті мырзалар:

Қарыз туралы келісім-шарт бойынша заң қорытындысы

Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі (бұдан әрі - "БАНК" деп аталатын)
Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қарыз алушы мен БАНК арасындағы 2003
жылғы 8 шілдедегі N KAZ-P5 қарыз туралы келісімнің және оған қосымша басқа да
Келісімдердің (бұдан әрі "Қарыз туралы келісім" деп аталатын) шарттары мен
ережелеріне сәйкес негізгі сома ретінде Жиырма бір миллиард үш жүз алпыс бір
миллион (21,361,000,000) жапон иенінен аспайтын Қарыздың жиынтық сомасында
берген Қарызына қатысты, мен, төменде қол қойған, заң кеңесшісі ретінде іс-әрекет
жасай отырып, мыналарды растаймын:

Мен өзгелердің арасында мынадай құжаттарды қарадым және зерделедім:

(a) Қазақстан Республикасының Үкіметі қажетті ішкі

мемлекеттік рәсімдердің орындалғаны туралы Жапон
Үкіметінен ____ жылғы _____ жазбаша хабарлама алғаннан
кейін күшіне енген және Қазақстан Республикасының
Парламенті бекіткен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Жапон Үкіметі арасындағы 2002 жылғы 29 наурыздағы ноталар

а л м а с у ;

(b) Қарыз туралы келісім;

(c) _____ берілген _____ жылғы _____
өкілеттіктер мен Қолтаңба үлгілерін бекіту;

(д) басқа да құжаттар;

(e) Қарыз алушының Қарыз туралы келісім жасасуға, оған қол
қоюға және ресми беру құқықтары және өкілеттіктеріне
қатысы бар Қарыз беруші еліндегі барлық заңдар мен
ережелер.

Жоғарыда айтылғандарды ескеріп, осымен төмендегілерді:

1. (заңдар немесе қаулыларға) сәйкес жасасуға, қол қоюға және
ресми беруге құқығы және өкілеттігі бар (уәкілетті адамның
тегі және лауазымы) Қарыз туралы келісімді жасағанын, қол
қойғанын және ресми бергенін;
2. Қарыз беруші (заңдар немесе қаулыларға) сәйкес елден
тысқары жерден шетел валютасындағы қаражаттарда қарыз
алуға уәкілетті екенін және Қарыз туралы келісімнің
шарттары мен ережелері (заңдар немесе қаулылар)
с ә й к е с т і г і н ;
3. осының салдарынан Қарыз туралы келісімге тиісінше құқық
берілгенін, Қарыз алушы атынан жасалғанын, қол қойылғанын
және ресми берілгенін және оның барлық шарттары мен
ережелеріне қатысты Қарыз алушының қолданыстағы және
байланыстыратын міндеттемесі болып табылатынын; және
4. рұқсат және Қарыз туралы келісімді орындау үшін қажетті
барлық басқа да рәсімдер тиісті түрде алынғанын және
орындалғанын растаймын.

Осыны куәландыра отырып Мен, төменде қол қойған, _____ жылғы
_____ төменде өз қолымды және өзімнің ресми мөртаңбамды қойдым.

Құрметпен,

Әділет министрі
